БЕКІТЕМІН
Мектеп директоры
_______ Г.С. Мойрбекова
«_28_» __09__ 2023 жыл

0 «Б» мектепалды даярлық сыныбы

**Ата – аналармен жұмыс**

| № | Жұмыс мазмұны | Мерзімі | Жауаптылар |
|---|---|---|---|
| 1 | **Ата – аналар жиналысы:** «5-6 жастағы балалардың ерекшелігі». Ата-аналарға сауалнама жүргізу. Ата-аналар комитетін сайлау Ата – аналармен тренинг жүргізу Тақырыбы : **« Сіз қандай ата – анасыз?»** | Қыркүйек | Сынып тәрбиешісі : Амирбаева А.Р. |
| 2 | «Аяулы күз, Алтын күз!» **Ертеңгілік. Көрме** | Қазан | Директордың ТІЖ орынбасары: Д.Ж. Мусаханова Сынып тәрбиешісі : Амирбаева А.Р. |
| 3 | **Ата-аналар жиналысы :** «Бала тәрбиесіндегі ата – ананың рөлі». Жаңа жылға ұжымдық шығармашылық даярлық. | Желтоқсан | Сынып тәрбиешісі : Амирбаева А.Р. |
| 4 | «Отбасы ,бала, мектеп » дөңгелек үстел | Ақпан | Психолог Сынып тәрбиешісі : Амирбаева А.Р. |
| 5 | **Ата – аналар жиналысы** Баяндама : ата – ана махаббаты. Баланың оны көріп, естіп, сезінуі үшін не істеу керек? | Наурыз | Психолог Сынып тәрбиешісі : АМирбаева А.Р. |
| 6 | **Ата – аналар жиналысы:** «Балаңыз мектепке дайын ба?» Тест. Сұрақ – жауап | Мамыр | Психолог Сынып тәрбиешісі : Амирбаева А.Р. |

## №1 ата-аналар жиналысының хаттамасы

### Мектепалды даярлық 0 «Б» сыныбы

**Күні: 15.09.2023**
**Жалпы саны: 20**
**Қатысқаны:17**
**Қатыспағаны:3**

**Күн тәртібінде**

1. Ата -аналармен танысу. Тәрбиенелушілердің құжаттарын толықтыру.
2. Балалардың оқу құралдары мен оқулықтары туралы сұқбат.
3. Ата-аналардың міндеттері туралы ақпар, ата-аналар комитетін сайлау.
4. 2023-2024 оқу жылдарына мектепалды даярлық сыныбының жылдық міндеттер
5. Ата -аналарға арналған сауалнама
6. Ата-аналармен тренинг жүргізу. Тақырыбы: « Сіз қандай анасыз?»
7. Әр түрлі мәселелер
8. Сұрақ-жауап

**Тыңдалды:**

Бірінші мәселе бойынша, тәрбиеші А. Р. Амирбаева ата-аналармен өзін таныстырды. Содан кейін әр баланың ата-аналарымен танысты. Ата-аналарды жаңа оқу жылымен құттықтап, жылы сөздер айтылды. Тәрбиелерушілердің құжаттары толық жиналып бекітілгені жайында айтып өтті.
Екінші мәселе бойынша, Тәрбиеленушілердің оқу құралдарын толықтырып алып беру, оқулықтар тізімімен таныстыру. Ата-аналарға жағдайы келгенше оқулықтарды алып беру туралы айтылды.
Үшінші мәселе бойынша, ата-аналарға мектепалды даярлық пен ата-ана арасындағы байланыс пен міндеттері түсіндірілді. Тәрбиеленушілерді мектепке ата-анасы немесе жақын туыстары алып келіп, алып қайту керек екені қатаң түрде ескертілді. Бала жалғыз келіп, жалғыз қайтуға болмайтыны туралы айтылды.
Төртінші мәселе бойынша, Ақмарал Русланқызы 2023-2024 оқу жылындағы өзгерістер мен оқулықтар туралы айтып өтті. Ата-аналарға тәрбиеленушілердің күн тәртібімен таныстырып шықты. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің кестесімен таныстырды.

**2023-2024 оқу жылдарына мектепалды даярлық сыныбының жылдық міндеттер**

**Мақсаты:**

Мектеп жасына дейінгі баланың жалпы адамгершілік құндылықтарын танып, біліп, меңгеру нәтижесінде баланың жеке тұлғасын, ішкі жан дүниесін қалыптастырып, тілін жетілдіріп, өзін – өзі тануы арқылы қоршаған ортаға деген көзқарасын дамыту.

**Міндеттері:**

- Баланың өмірін сақтау және денсаулығын нығайту, толыққанды дене бітімін дамыту, салауатты өмір салтына тәрбиелеу.
- Рухани-адамгершілік тәрбие мазмұнын қарапайым сүйіспеншілік, денсаулық, достық, бақыт сияқты құндылықтарға баулу.
- Баланың өз бойындағы жақсы қасиеттері негізінде жаман әдеттерден бойын аулақ ұстауға үйрету.
- Күнделікті бірлесе атқаратын іс – әрекеттер барысында балалардың бойында қоршаған орта құбылыстарымен адамгершілік қарым – қатынас жасау.

5. Ата-аналардан бала тәрбиесіне қатысты сауалнама алынды.

6. Ата-аналармен тренинг жүргізілді Тақырыбы: « Сіз қандай анасыз?» атты тренинг өтті. Тренинг барасында ата-аналар өздері жайында шағын ақпар берді. Қосымша әр -түрлі мәселелер қаралып, өз шешімін тапты.

**Күтілетін нәтиже:**

Қоғамдық қатынастар жүйесіндегі, адамдар арасындағы өз орнын таба білу, өзін тұлға ретінде сезіну.

**Әр түрлі мәселелер.**

Жиналыс барысында басқа да мәселелер айтылды. Ата-аналар тарапынан әр түрлі сұрақтар өз жауабын тапты.

**Жиналыстың шешімі:**

1.Ата-аналар мен тәрбиешілер арасындағы қарым-қатынасты тығыз сақтау

2. Балаларға бірігe отырып саналы тәрбие мен сапалы білім беру.

**Төрайым: А. Р. Амирбаева**

**Хатшы:Г.М.Нығыметжанова**

## Сауалнама

**Сіз қандай ата – анасыз?**

1. Кез келген ісіңізді тастай салып, баламен айналыса аласыз ба? Ия

2.Балаңыздың жасына қарамай, онымен ақылдаса аласыз ба? Ия

3.Балаңызбен қарым- қатынас барысында жасаған қателеріңізді мойындайсыз ба? Мойындаймын.

4.Өз қателігіңіз үшін балаңыздан кешірім сұрайсыз ба? Ия

5.Балаңыздың ісі ашуландырған кезде, өзіңізді ұстап, ашуды жеңе аласыз ба?
Ұстауға тырысамын

6.Балаңыздың орнына өзіңізді қоя аласыз ба? Ия

7.Балаңыздың жүрегін жарақаттайтын сөздерді, сөйлем тіркестерін атамауға тырысасыз ба? Ия тырысамын.

8. Балаңызға уәде беріп, жақсы мінез – құлқын ескере отырып, уәдеңізді орындайсыз ба? Әрине

9. Балаға қалаған ісін жасауға, өзін ұстауға кедергі жасамай бір күн еркіндік бересіз бе? Ия

10. Басқа бала сіздің балаңызға дөрекілік көрсетсе, себепсіз ренжітсе көңіл бөлесіз бе? Бірінші себебін білемін.

Аманбаев Акмедиер.

# Сауалнама

**Сіз қандай ата – анасыз?**

1. Кез келген ісіңізді тастай салып, баламен айналыса аласыз ба?

аринге

2.Балаңыздың жасына қарамай, онымен ақылдаса аласыз ба?

ию

3.Балаңызбен қарым- қатынас барысында жасаған қателеріңізді мойындайсыз ба?

ия

4.Өз қателігіңіз үшін балаңыздан кешірім сұрайсыз ба?

ия

5.Балаңыздың  ісі ашуландырған кезде, өзіңізді ұстап, ашуды жеңе аласыз ба?

ио

6.Балаңыздың орнына өзіңізді қоя аласыз ба?

7.Балаңыздың жүрегін жарақаттайтын сөздерді, сөйлем тіркестерін атамауға тырысасыз ба?

тырысамын

8. Балаңызға уәде беріп, жақсы мінез – құлқын ескере отырып, уәдеңізді орындайсыз ба?

ию

9. Балаға қалаған ісін жасауға, өзін ұстауға кедергі жасамай бір күн еркіндік бересіз бе?

ия

10. Басқа бала сіздің балаңызға дөрекілік көрсетсе, себепсіз ренжітсе көңіл бөлесіз бе?

себебін білеміз бірінші

Мекебай
Машка

# Сауалнама

### Сіз қандай ата – анасыз?

1. Кез келген ісіңізді тастай салып, баламен айналыса аласыз ба?

Иа

2.Балаңыздың жасына қарамай, онымен ақылдаса аласыз ба?

Иа

3.Балаңызбен қарым- қатынас барысында жасаған қателеріңізді мойындайсыз ба?

Иа мойындаймын

4.Өз қателігіңіз үшін балаңыздан кешірім сұрайсыз ба?

Иа

5.Балаңыздың ісі ашуландырған кезде, өзіңізді ұстап, ашуды жеңе аласыз ба?

Иа

6.Балаңыздың орнына өзіңізді қоя аласыз ба?

Иа

7.Балаңыздың жүрегін жарақаттайтын сөздерді, сөйлем тіркестерін атамауға тырысасыз ба?

Иа

8. Балаңызға уәде беріп, жақсы мінез – құлқын ескере отырып, уәдеңізді орындайсыз ба?

Иа

9. Балаға қалаған ісін жасауға, өзін ұстауға кедергі жасамай бір күн еркіндік бересіз бе?

Иа

10. Басқа бала сіздің балаңызға дөрекілік көрсетсе, себепсіз ренжітсе көңіл бөлесіз бе?

Иа

Серікбек Бексұлтан

Едбахасқызы Мұқағали

# Сауалнама

## Сіз қандай ата – анасыз?

1. Кез келген ісіңізді тастай салып, баламен айналыса аласыз ба?

Иә

2.Балаңыздың жасына қарамай, онымен ақылдаса аласыз ба?

иә

3.Балаңызбен қарым- қатынас барысында жасаған қателеріңізді мойындайсыз ба?

иә

4.Өз қателігіңіз үшін балаңыздан кешірім сұрайсыз ба?

5.Балаңыздың ісі ашуландырған кезде, өзіңізді ұстап, ашуды жеңе аласыз ба?

Кейде бағада

6.Балаңыздың орнына өзіңізді қоя аласыз ба?

иә

7.Балаңыздың жүрегін жарақаттайтын сөздерді, сөйлем тіркестерін атамауға тырысасыз ба?

Иә

8. Балаңызға уәде беріп, жақсы мінез – құлқын ескере отырып, уәдеңізді орындайсыз ба?

Иә

9. Балаға қалаған ісін жасауға, өзін ұстауға кедергі жасамай бір күн еркіндік бересіз бе?

Иә кейде

10. Басқа бала сіздің балаңызға дөрекілік көрсетсе, себепсіз ренжітсе көңіл бөлесіз бе?

Иә

## Сауалнама

**Сіз қандай ата – анасыз?**

1. Кез келген ісіңізді тастай салып, баламен айналыса аласыз ба?

Иә айналыса аламын

2.Балаңыздың жасына қарамай, онымен ақылдаса аласыз ба?

Иә

3.Балаңызбен қарым- қатынас барысында жасаған қателеріңізді мойындайсыз ба?

~~Иә~~ Иә

4.Өз қателігіңіз үшін балаңыздан кешірім сұрайсыз ба?

Иә

5.Балаңыздың ісі ашуландырған кезде, өзіңізді ұстап, ашуды жеңе аласыз ба?

Иә

6.Балаңыздың орнына өзіңізді қоя аласыз ба?

Иә

7.Балаңыздың жүрегін жарақаттайтын сөздерді, сөйлем тіркестерін атамауға тырысасыз ба?

Иә

8. Балаңызға уәде беріп, жақсы мінез – құлқын ескере отырып, уәдеңізді орындайсыз ба?

Иә

9. Балаға қалаған ісін жасауға, өзін ұстауға кедергі жасамай бір күн еркіндік бересіз бе?

Иә

10. Басқа бала сіздің балаңызға дөрекілік көрсетсе, себепсіз ренжітсе көңіл бөлесіз бе?

Иә

Магзирова Зауре Канатовна [signature]

# Сауалнама

## Сіз қандай ата – анасыз?

1. Кез келген ісіңізді тастай салып, баламен айналыса аласыз ба?

(шаруаға әсер) жағдайға байланысты

2.Балаңыздың жасына қарамай, онымен ақылдаса аласыз ба?

ия

3.Балаңызбен қарым- қатынас барысында жасаған қателеріңізді мойындайсыз ба?

ия

4.Өз қателігіңіз үшін балаңыздан кешірім сұрайсыз ба?

ия

5.Балаңыздың  ісі ашуландырған кезде, өзіңізді ұстап, ашуды жеңе аласыз ба?

жағдайға байланысты, ұрыс қана ашуымда [illegible]

6.Балаңыздың орнына өзіңізді қоя аласыз ба?

ия

7.Балаңыздың жүрегін жарақаттайтын сөздерді, сөйлем тіркестерін атамауға тырысасыз ба?

ия

8. Балаңызға уәде беріп, жақсы мінез – құлқын ескере отырып, уәдеңізді орындайсыз ба?

ия

9.  Балаға қалаған ісін жасауға, өзін ұстауға кедергі жасамай бір күн еркіндік бересіз бе?

жоқ

10. Басқа бала сіздің балаңызға дөрекілік көрсетсе, себепсіз ренжітсе көңіл бөлесіз бе?

әрине

# Сауалнама

## Сіз қандай ата – анасыз?

1. Кез келген ісіңізді тастай салып, баламен айналыса аласыз ба?

иә

2.Балаңыздың жасына қарамай, онымен ақылдаса аласыз ба?

иә

3.Балаңызбен қарым- қатынас барысында жасаған қателеріңізді мойындайсыз ба?

иә

4.Өз қателігіңіз үшін балаңыздан кешірім сұрайсыз ба?

иә

5.Балаңыздың ісі ашуландырған кезде, өзіңізді ұстап, ашуды жеңе аласыз ба?

иә

6.Балаңыздың орнына өзіңізді қоя аласыз ба?

иә

7.Балаңыздың жүрегін жарақаттайтын сөздерді, сөйлем тіркестерін атамауға тырысасыз ба?

иә

8. Балаңызға уәде беріп, жақсы мінез – құлқын ескере отырып, уәдеңізді орындайсыз ба?

иә

9. Балаға қалаған ісін жасауға, өзін ұстауға кедергі жасамай бір күн еркіндік бересіз бе?

иә

10. Басқа бала сіздің балаңызға дөрекілік көрсетсе, себепсіз ренжітсе көңіл бөлесіз бе?

иә

# Сауалнама

## Сіз қандай ата – анасыз?

1. Кез келген ісіңізді тастай салып, баламен айналыса аласыз ба?

иә

2.Балаңыздың жасына қарамай, онымен ақылдаса аласыз ба?

иә

3.Балаңызбен қарым- қатынас барысында жасаған қателеріңізді мойындайсыз ба?

иә

4.Өз қателігіңіз үшін балаңыздан кешірім сұрайсыз ба?

иә

5.Балаңыздың  ісі ашуландырған кезде, өзіңізді ұстап, ашуды жеңе аласыз ба?

кейде

6.Балаңыздың орнына өзіңізді қоя аласыз ба?

иә

7.Балаңыздың жүрегін жарақаттайтын сөздерді, сөйлем тіркестерін атамауға тырысасыз ба?

иә

8. Балаңызға уәде беріп, жақсы мінез – құлқын ескере отырып, уәдеңізді орындайсыз ба?

иә

9.  Балаға қалаған ісін жасауға, өзін ұстауға кедергі жасамай бір күн еркіндік бересіз бе?

иә

10. Басқа бала сіздің балаңызға дөрекілік көрсетсе, себепсіз ренжітсе көңіл бөлесіз бе?

иә

# Сауалнама

**Сіз қандай ата – анасыз?**

1. Кез келген ісіңізді тастай салып, баламен айналыса аласыз ба?

иә

2.Балаңыздың жасына қарамай, онымен ақылдаса аласыз ба?

иә

3.Балаңызбен қарым- қатынас барысында жасаған қателеріңізді мойындайсыз ба?

иә

4.Өз қателігіңіз үшін балаңыздан кешірім сұрайсыз ба?

иә

5.Балаңыздың  ісі ашуландырған кезде, өзіңізді ұстап, ашуды жеңе аласыз ба?

иә

6.Балаңыздың орнына өзіңізді қоя аласыз ба?

иә

7.Балаңыздың жүрегін жарақаттайтын сөздерді, сөйлем тіркестерін атамауға тырысасыз ба?

иә

8. Балаңызға уәде беріп, жақсы мінез – құлқын ескере отырып, уәдеңізді орындайсыз ба?

иә

9. Балаға қалаған ісін жасауға, өзін ұстауға кедергі жасамай бір күн еркіндік бересіз бе?

иә

10. Басқа бала сіздің балаңызға дөрекілік көрсетсе, себепсіз ренжітсе көңіл бөлесіз бе?

иә

# Сауалнама

## Сіз қандай ата – анасыз?

1. Кез келген ісіңізді тастай салып, баламен айналыса аласыз ба?

Иа

2.Балаңыздың жасына қарамай, онымен ақылдаса аласыз ба?

ақылдасамын

3.Балаңызбен қарым- қатынас барысында жасаған қателеріңізді мойындайсыз ба?

мойындаймын, кешірім сұраймын

4.Өз қателігіңіз үшін балаңыздан кешірім сұрайсыз ба?

кешірім сұраймын

5.Балаңыздың ісі ашуландырған кезде, өзіңізді ұстап, ашуды жеңе аласыз ба?

ашуды жеңіп, ақылмен түсіндіремін

6.Балаңыздың орнына өзіңізді қоя аласыз ба?

қоя аламын

7.Балаңыздың жүрегін жарақаттайтын сөздерді, сөйлем тіркестерін атамауға тырысасыз ба?

мүлдем атамаймын

8. Балаңызға уәде беріп, жақсы мінез – құлқын ескере отырып, уәдеңізді орындайсыз ба?

уәдені орындаймын

9. Балаға қалаған ісін жасауға, өзін ұстауға кедергі жасамай бір күн еркіндік бересіз бе?

шектен тыс еркелікке, еркіндікке жол жоқ, барлығы өз орнымен болу керек.

10. Басқа бала сіздің балаңызға дөрекілік көрсетсе, себепсіз ренжітсе көңіл бөлесіз бе?

көңіл бөлемін,

## Сауалнама

**Сіз қандай ата – анасыз?**

1. Кез келген ісіңізді тастай салып, баламен айналыса аласыз ба?

иә

2.Балаңыздың жасына қарамай, онымен ақылдаса аласыз ба?

иа

3.Балаңызбен қарым- қатынас барысында жасаған қателеріңізді мойындайсыз ба?

иа

4.Өз қателігіңіз үшін балаңыздан кешірім сұрайсыз ба?

иа

5.Балаңыздың ісі ашуландырған кезде, өзіңізді ұстап, ашуды жеңе аласыз ба?

иа

6.Балаңыздың орнына өзіңізді қоя аласыз ба?

иа

7.Балаңыздың жүрегін жарақаттайтын сөздерді, сөйлем тіркестерін атамауға тырысасыз ба?

иа

8. Балаңызға уәде беріп, жақсы мінез – құлқын ескере отырып, уәдеңізді орындайсыз ба?

иа

9. Балаға қалаған ісін жасауға, өзін ұстауға кедергі жасамай бір күн еркіндік бересіз бе?

иа

10. Басқа бала сіздің балаңызға дөрекілік көрсетсе, себепсіз ренжітсе көңіл бөлесіз бе?

иа

# Сауалнама

**Сіз қандай ата – анасыз?**

1. Кез келген ісіңізді тастай салып, баламен айналыса аласыз ба?

иә

2. Балаңыздың жасына қарамай, онымен ақылдаса аласыз ба?

ақылдасуға болатын кезде сұраймын.

3. Балаңызбен қарым- қатынас барысында жасаған қателеріңізді мойындайсыз ба?

иә кешірім сұраймын.

4. Өз қателігіңіз үшін балаңыздан кешірім сұрайсыз ба?

иә.

5. Балаңыздың ісі ашуландырған кезде, өзіңізді ұстап, ашуды жеңе аласыз ба?

иә арасында болып тұрады тежей аламын

6. Балаңыздың орнына өзіңізді қоя аласыз ба?

иә

7. Балаңыздың жүрегін жарақаттайтын сөздерді, сөйлем тіркестерін атамауға тырысасыз ба?

әрине

8. Балаңызға уәде беріп, жақсы мінез – құлқын ескере отырып, уәдеңізді орындайсыз ба?

иә орындаймын

9. Балаға қалаған ісін жасауға, өзін ұстауға кедергі жасамай бір күн еркіндік бересіз бе?

иә

10. Басқа бала сіздің балаңызға дөрекілік көрсетсе, себепсіз ренжітсе көңіл бөлесіз бе?

әрине бөлемін.

Ата -аналар жиналысының хаттамасы №2

Күн і: 12.10.2023

Мектепалды даярлық «Б»сыныбы

Жалпы ата - аналар саны: 23

Қатысқаны: 18

Қатыспағаны: 5

Күн тәртібіндегі негізгі мәселелер:

1. Ата -аналарга балалардын сабакка катысуы туралы акпар.
2. Баяндама: «Ойын аркылы балалардын ойлау кабілеттерін дамыту».
3. Алтын күзге дайындық.
4. Ата -аналар арасында « Күз сыйы»

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша тәрбиеші: А. Р. Амирбаева сөз сөйледі. Тәрбиеші балалардың ортаға бейімделуі, бір — бірімен достык, сыйластык карым - катынаста жаксы екенін айтты. Үйымдастырылган оку іс-әрекетін жаксы меңгеріп келе жатқаны туралы айтылды.
2.Қазан айында мектепалды даярлық сыныптарында «Алтын күз» атты ертеңгілік болатыны туралы хабарлады. Ертеңілікке балалар калаған адемі де, ерікті киімдерін киіп келу керектігі ескертілді. Ата-аналарга балалардың тақпақтарын үйде қайталап жаттауын өтінді.
3.Төртінші мәселе бойынша ертеңгілік соңында ата-аналар арасында «Күз сыйы» атты көрме болатыны туралы айтты. Көрмеге көгеністерден, дәнді дақылдардан үурлі заттар жасап әкелуді ұсынды.

Шешімі:

1. Балалардың мектепте өздерін еркін ұстап, ортаға бейімделгені туралы айтты.
2. Ата-аналар бала өміріне ойынның маңызы бар екенін түсінді.
3. «Алтын күз» көрмесіне заттар жасап әкелуге келісті.

Төрайым: Д. Р. Амирбаева

Хатшысы: Г.М.Нығыметжанова



















Ата-аналар жиналысының хаттамасы №3

0 «Б» мектепалды даярлық сынып

**Күні: 15.12.2023 ж.**
**Жалпы саны: 24**
**Қатысқаны: 19**
**Қатыспағаны: 5**

**Күн тәртібінде**

1. «Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі» Баяндама
2. Жаңа жылға ұжымдық шығармашылық даярлық
3. Сұрақ – жауап

**Тыңдалды:**

Бірінші мәселе бойынша Тәрбиеші: А. Р. Амирбаева «Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі» атты баяндама оқыды.Бала тәрбиесіне қатысты мағұлматтар көрсетті.

**Сөйледі:**

0 «Б» мектепалды даярлық сынып тәрбиешісі: А. Р. Амирбаева Балаға көңіл бөлу, баланың сөзін тыңдау, балаға берген уәдеде тұру, балаға өтірік айтпау сияқты ақыл кеңестер айтылды. Бала тәрбиесінде — отбасы ең үлкен мықты тәрбие ошағы. Баланың адамдық қасиеттері мен әдептілігі, оның болашақта қандай адам болуы өзі туылған отбасында алған тәлім-тәрбиесі мен ондағы карым-катынаска байланысты. Өйткені ата-ана — басты ұстаз. Баланың заманына лайық азамат болып өсуі – алдымен ананың ақ сүтімен, абзал тәрбиесінің жемісі. Отбасы – десе әр адам өзіне қатысы бар деп ойлайтыны анық жағдай. Отбасын ата – ана және бала құрайды.

2. Екінші мәселе бойынша, жаңа жылға ұжымдық шығармашылық даярлық. Ата-аналарға жаңа жылдық сыйлыққа ақша жинамау керектігі айтылды. Балаларға сыйлықты, әр ата-ана өз баласына жасайды. Балалар жаңа жылдық костюмдерін ерікті түрде киеді. Жаңа жылдық ертеңгілік мектебіміздің спорт залында өтеді. Ертеңгілікке ата-аналар келіп көруіне болады.
Шешімі:

1. Ата – аналар мен тәрбиеші тығыз байланыста болады.
2. Жаңа жылдық сыйлыққа ата-аналар ақша жинамайды.
3. Ертеңгілікке балалар қалаған киімдерін киеді.

Төреайым: А.Р. Амирбаева.

Хатшы: Г. М. Нығыметжанова

«Ы. Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін №25 мектебі» КММ

0 «Б» мектепалды даярлық сынып

Баяндама:

# «Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі»

Дайындаған:А. Р. Амирбаева

Балқаш қаласы 2023 жыл

# *БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ АТА-АНАНЫҢ РӨЛІ*

Әрбір ата-ана өз перзетінің әдепті, саналы, иманды да ибалы, Отанының сүйікті және кішпейіл азаматы болып жетілуін қалайды. Ата-ана перзентінің жақсы азамат болып жетілуі үшін өз отбасында балаларын тәрбиелеудің нәзік жақтарының заңдылықтарын білуі шарт. Сыйластық, түсіністік, үлкен жауапкершілік сезімдері бар отбасы – бақытты отбасы. Бақытты отбасында ғана ата-ана және олардың өзара қатынасы мазмұнды, берілген тәрбие сенімді және негізді.

Бала тәрбиесінің алғашқы алтын қазығы – туған ұясы, өз отының басындағы тәрбиесі, тілі. Қазақтың: «Баланың бас ұстазы – ата-ана», «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» – дегендей, есі кіріп, тілі шыға бастасымен-ақ баланы байсалды, ұғымпаз, тілалғыш етіп баулыған жөн.

Қай халық болмасын үмітін ең алдымен ұрпағымен байланыстырады. Міне, сондықтан да:

«Ана – үйдің берекесі,
Бала үйдің – мерекесі.
Бұтағымен ағаш сымбатты,
Ұрпағымен адам қымбатты.
Бала болсаң балғындай бол.
Айналаңа қорғандай бол» -деген

қағиданы берік ұстаған ата-бабаларымыз өз ұрпағын адам – деген атаққа лайық етіп өсіруді мақсат еткен.

Ата-ана тәрбие беруде ата-бабамыздың салт-санасы, әдет-ғұрпында жүргізілген үлгі-өнегесінің мәнісі зор. Отбасы тәрбиесінде әкенің де, ананың да орны бөлек. Әке мен ана баланың алғашқы ұстазы. Адамзат баласы ананың мейірлі мейіріне қанып, әке өсиеттерін тыңдап өссе ғана тәрбиелі отбасынан шыққаны көпке таңытыды.

Ана – бала тәрбиесіндегі ерекше тұлға. Дана Абай бабамыз қазақ әйелінің, ананың отбасындағы орнын ерекше жырлайды. Жалпы, «адам бойындағы барлық қасиеттер ананың ақ сүтімен жаралған» – деген ғұламалық ойды тарата келе, осы қасиеттің міндетті түрде тәрбиеленуі туралы айтады.

Тәрбиенің негізі «ананың әлдиінен» басталады емес пе? Ана тәрбиесі ұлылық дәнін себеді. Тәрбиелі анадан – тәрбиелі бала өсіп шығады.

Соңғы жылдары отбасында, қоғамда ер адамдардың, әкелердің рөлі төмендегендей. Бұған кейде заманды да кінәләп жатамыз. Әрине, бала тәрбиесіндегі әкенің орны бөлек, әсіресе, ер бала тәрбиесінде. Әкенің қатаң талабын, тәрбиесін көрген бала ертең қоғамда да өз отбасында да шешуші тұлға бола алады. Кавказ халықтарында да: «Нағыз жаылы орын: қылышқа – қынабы , отқа – шырағы, ер жігітке – өз үйі» – деген тамаша нақыл сөз бар. Қазақстан Республикасы Ата Заңының 27 бап, 2-тармағында «Балаларына қ амқорлық жасау және оларды тәрбиелеу – ата-ананың табиғи құқығы, әрі

парызы» -делінсе, «Қазакстан – 2030» бағдарламасында: «Әкелер мен аналардың, аталар мен әжелердің өз балалары мен немерелеріне сонау алыс болашакта, олар біздің жасымызға жеткен кезде кандай күйде көргіміз келеді…» деліні, ұрпақ тағдыры айтылады.

Бала – ата-анасының игі істерінің жалғастырушысы, болашағы. Бала тәрбиесі – ата-ана үшін күрделі де, жауапты міндет. Жас шыбық иілгіш болса, жас адам да сондай жаксыға да жаманға да бірдей бейім болатыны баршымызға мәлім. Ата-ананың үйіндегі әрекеті балаларныың көз алдында өтеді, сондыктан жаксы, жаман әдетіміздің бала тәрбиесіне ықпалы зор. Әрбір ата-ана – өзінің баласын Отанға пайдалы, өіне мейрімді, еңбеккор, адамгершілігі мол адам етіп тәрбиелеуге халык алдында да, мемлекет алдында да жауапты. Бірде-бір ата-ананың бала тәрбиесіне немкүрайды карауға еркі жоқ. Егерде ол, бала өсіруде кате жіберсе, осалдык байкатса, картайғанда опык жейтіні, өкінішке ұрынатына ешбір дәлелдеп жатуды кажет етпейтін акикат.

Бала тәрбиесі туралы сөз болғанда: «Баланы жастан» – деген халык даналығын ұмытуға ешкімнін хақысы жок. Сондыктан, «бала жас, әлі ешнәрсені білмейді, өсе келер бәрі түсінеді», – деп карау – барып тұрған кателік. Бала тәрбиесі – әр сағат, әр күн сайын тынымсыз жүргізіле беретін аса жауапты, күрделі процесс. Тәрбие отбасынан басталады, оны қоғамдык тәрбиенің кандай саласы болса да алмастыра алмайды.

Атақты қазақ ақыны Қасым Аманжолов өзінің жарына арнаған бір өлеңінде:
«Обасы –шағын мемелеке,
Мен – президент, сен – премьер», дегені бар.

Отбасы – ең үлкен, мыкты тәрбие ошағы, шағын мемлекет. Отбасының негізі баланы өмірге келтіру ғана емес, оны мәдени- әлеуметтік ортаның құндылығын кабылдату, ұрпақтың, ата-бабалардың, ұлылардың ақыл-кеңес тәжірібиесін бойына сіңіру, коршаған орта, адамзатка, өз коғамына пайдалы етіп тәрбиелеу. Үлкен ұрпақтың тәжірібиесі, өмірдегі беділі, ақыл-кеңестері, ата-ананың өз борышын мүлтіксіз орындауы, бір-бірін құрметтеуі – үлкен тәрбие мектебі. Бала дүниеге келгеннен бастап ата-ананың ықпалында болып, бағыт беруші тәрбие мектебінен нәр алады. Өз отбасында бала ата-ананың камкорлығына, шексіз сүйіспеншілігіне бөленіп, әке мен ананың жақсылығы мен дәулетінің қызығын көріп кана коймай, адамгершілік, әдеп-инабат тағылмдарынын алуы, оларды меңгеріп іс- жүзінде колданудың ынта мен ықылас, кайрат пен кажыр ететін жолынан өтуге тиіс.

«Қатты тәртіп көрсе бала күнінде,
Өнермен куантады түбінде.
Бала нені білсе жастан, уядан –
Өле-өлгенше соны таныр киядан.
Өнер – білім берем десең басынан,
Бер окуға балаларды жасынан,
Жақсы-жаман болса, бала – соларда», – деп

ХІ ғасырда Жүсіп Баласағүн айткандай, ата-аналар балаларының жеке ерекшеліктерін жас күнінен танып, соған карай бағыт-бағдар тәрбие берудің

маңызы ерекше.

Отбасынадағы тәрбиенің кереметі – баланы еңбекке баулу. Ол – адамдық кемелденудің негізі. Еңбек ете білмеген немесе оны жек көрген адамның отбасы берекелі болмайды. Өйткені, ежелгі Рим философы Горациий айтқандай: «Өмір еңбексіз ештене бермейді.» Сондықтан: отбасындағы да, қоғамдық ортадағы да тәрбиеде балаларды еңбек ете білуге, еңбексіз бос отыра алмайтындай сезімге тәрбиелеу басты нысана болуы тиіс. Сонда ғана отбасы мүшелелері арасындағы қарым-қаиынаста әдеп-инибат, адалдық пен ақпейілдік үстем бола алады.

Барлық балаларға, соның ішінде ұл балаға оның қалыпты дамуына анасының да, әкесінің де, ягни екеуінің де маңызды да мәнді тәлім тәрбиесі қажет. Қай отбасында болмасын ана барлық балаларына үнемі жақын болып, өзінің аналық мейірімі мен махаббатына бөлейді. Ал ұл бала үшін әкесі жынысына байланысты жақын және олардың мінезі-құлықтары мен қарым-қатынасында көптеген ұқсастықтар анықталады, сондықтанда ұл баланың қабілеттілігі әкенің ықпалына байланысты деп айтып жататыны осыдан.

Әке ұлына күшті жыныс өкілі ретінде үлгі болады. Әке қашанда баланы сөзбен емес, өзінің ісімен тәрбиелейді. Ер бала ең алдымен әкенің өнегесінен нағыз ер адам қандай болу керектігін қабылдайды. Сондықтанда әке ұлын батылдыққа, батырлыққа, ер жүректікке, адалдыққа, қайраттылыққа, ұлтжандылыққа, әйел баласына серілік қарым-қатынас танытуға, отағасы қандай болу керек екендігін өз тәжірибесі арқылы үйретіп, үй еңбегінің аса қиын соғатын істерді өз мойнына алуға талпынуға тәрбиелеуі керек

Ал ананың міндеті ұлының алдында барлық әйелге тән жақсы қасиеттерді көрсете отырып, өзінің шынайы және шексіз махаббатымен ұлынан да әйел баласы алдында сондай жауапты қасиеттерді көрсетуге шақырады және оның эмоционалды дамуына себепші болады. Ер баланың анасына деген қарым-қатынасы белгілі дәрежеде қыз балалармен жағымды қарым-қатынасты қалыптастыру мәнін игеруге мүмкіндік тудырады, адамдарға қамқорлық жасауға үйретеді, өзінің маңайындағыларға қажетті көмек жасауға ықпал етеді.

Отбасында жеткіншек ер баланы тәрбиелеу – бұл қарапайым емес маңызды және жауапкершілікті талап ететін үлкен іс. Өйткені осы жастағы ер баланың бойынан шығармашылыққа, өзінің өмірден орнын іздеу сияқты талпыныстарын байқауға болады. Осы тұста ата-ана олардың жан дүниесін түсініп, дер кезінде бағыт-бағдар көрсетсетсе, бұл ата-ананың бала тәрбиесіндегі тапқырлығы болып саналады. Ер бала бойында болып жатқан кез келген өзгерістерді ескеріп, ата-ана баламен жүргізетін тәлімдік, тәрбиелік істерді олардың барлық қырынан зерттей, ішкі «Меніне» әсер ететіндей ешқандай іс-әрекетке бармай, жақын досындай ақыл-кеңес бере отырып жүргізуі қажет. Сонда ғана ата-анамен бала арасындағы қарым-қатынас оң нәтиже береді. Сондықтан да, әрдайым өзіндік педагогикалық білімді толықтырып отыру, басқа да ата-аналардың тәжірибелерінің жағымды жақтарын қолдану, мектеп пен мұғалімдермен бірігіп жұмыс істеуді қолға алу, ата-аналарға арналған өзіндік лекцияларды тыңдау,

әдебиеттерді оқу керек. Бір сөзбен айтқанда, егер сіздің балаңыздың өмірде белгілі деңгейде жетістікке жетуін қаласаңыз, жеке тұлға ретінде, маман ретінде ашылуына еңбектендіре отырып, көмек беру қажет. Бұл ата-ана үшін, балалар үшін және қоғам үшін өте тиімді.

Бүгінгі таңда ата-анасы қасында болса да қадір-қасиетіне жете алмай, ұлдарымыз маскүнемдік пен нашақорлыққа бой алдырып, қыздарымыз шылым шегіп, жеңіл жүрістерге түсуі отбасындағы тәрбиенің дұрыс жолға қойылмауының айғағы.

Шариғатта да алтын ұя – отбасы жоғары бағаланып, оны бала тәрбиелеп өсіруіне бірінші дәрежелі мән берілген. Өйткені: «Балалар – ата-аналар қолына берілген аяулы аманат.» Бұл ғажайып құдайшылдық анықтаманы жадыда ұстау былай тұрсын, әр үйдің маңдайшасына іліп қою тұрарлық. Баланы өздігінен өмір сүруге мүлде қабілетсіз нәресте кезінен бастап бақытты балалы шақ, жеке шаңырақ көтергенге дейінгі жастық жолдары өтетін отбасын бақытты жағалауын бетке алып, өмір – айдынында жүзіп бара жатқан қайыққа теңесек, оның қос ескегі – әке мен ана дер едік.

Ата-аналар жиналысының хаттамасы №4

0 «Б» мектепалды даярлық сынып

**Күні: 16.02.2024ж.**
**Жалпы саны: 24**
**Қатысқаны: 21**
**Қатыспағаны: 3**

**Күн тәртібінде**

1. «Отбасы, бала, мектеп» Дөңгелек үстел
2. Бала тәрбиесіне байланысты ата – анамен тәрбиеші арасындағы қарым – қатынас.
3. Сұрақ – жауап

**Тыңдалды:**

1. Бірінші мәселе бойынша «Отбасы, бала, мектеп» дөңгелек үстел бойынша ата-аналарға бала тәрбиесіне қатысты слайдтар көрсетілді.

**Сөйледі:**

0 «Б» мектепалды даярлық сынып тәрбиешісі: А. Р. Амирбаева
Балаңызды басқалармен емес, тек өзімен салыстырыңыз!
Есте сақтау қабілетін, жадын, сөйлеу тілін және қиялын дамытыңыздар.
Өлең, ән жаттатыңыздар, санауды үйретіңіздер.
Сурет салыңыздар, ойындар ойнаңыздар.
Бала қолының ұсақ моторикасын жаттықтырыңыздар. Ол үшін сурет бояу, үлгі бойынша жазу, нүктелердің арасын қосу сияқты тапсырмаларды орындату керек.
Назар бөліуді үйрену үшін, балаға уақытқа орындалатын тапсырмалар беріңіздер.
Баланың шаршап қалуына жол бермеңіздер, бала денсаулығын сақтау керек.

2. Екінші мәселе бойынша, Шешімі: Бала тәрбиесіне байланысты ата – анамен тәрбиеші арасындағы қарым – қатынас туралы айтылды. Балалардың ұйымдастырыдған оқу іс-қызметін меңгеру, қабылдау, жазу, сурет салу мәселелері бойынша сұрақ –жауаптар қарастырылды. Баланы мектепке жалғыз жібермеу керектігі ескертілді. Бала сабақтан қайтқанда да ересек адам алып кету керектігі айтылды. Баламен жақын сөйлесу, мейірім беру, мадақтау, көмек көрсету керектігін айтып жеткізді.

**Шешімі:**

1. Баланы тұлға қылып тәрбиелеу.
2. Балаға көп көңіл бөлу.
3. Ата-ана тәрбиешімен тығыз байланыста болу.
4. Баланы мектепке алып келіп, алып кету.

Төрайым: А. Р. Амирбаева

Хатшы: Нығыметжанова Г.М.

«Ы. Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін №25 мектебі» КММ

0 «Б» мектепалды даярлық сынып

# Дөңгелек үстел:

# **«Отбасы, бала, мектеп»**

Дайындаған:А. Р. Амирбаева

Балқаш қаласы 2023 жыл

# «Отбасы, бала, мектеп»
# (дөңгелек үстел)

Мақсаты: бала тәрбиесінде ата - ананың алатын орнының ерекше екендігін түсіндіру, ата - ана бойына өздерін тәрбиеші мұғалім ретін де карауға қызығушылықтарын дамыту.
Көрнекілігі: интерактивті тақта жиналысқа қатысушылар: ата - аналар, мектеп әкімшілігі, тәрбиеленушілер.

Әдісі: дөңгелек стол
Түрі: еркін микрофон

Жоспары:
1. Артық болмаса танысайық
2."Бала тәрбиесі үшін жауапты отбасы ма, әлде мектеп пе?"
3. Сергіту сәті
4. Сиқырлы жүрек
5. Қорытындылау

Ата - ананың жүрегі
"Бала "деп қана соғады
Баласы жақсы адамның
Басына бақыт қонады.

1 - бөлім
"Артық болмаса танысайық"
Алдымен өз есімдеріңіздің алдына балаңыздың есімін атап, сонан кейін өзіңіздің есіміңізді атайсыз. Мысалы әдемі Фатиманың анасы мөлдіреген Азизамын

Тәртіптің ең тамаша мектебі - отбасы.(С. Смайлс) Халқымыздың сан ғасырдан бергі даналығына құлақ салсақ "Адамның бақыты балада" деген. Кез – келген адам өзі өмір бойы қуып жете алмайтын бақыт деген құдіретті сөздің өлшемі өміріңнің жалғасы ұрпағымен кенелетінін мән бермеуі де мүмкін. Біреу бақытын байлықтан тапқысы келсе, екінші біреуі даңқ пен атақтан, мансап пен қызметтен іздестіреді. Бірақ "Адам ұрпағымен мың жасайды " деген сөз бекер айтылмаса керек. Олай болса адам өмірінің мәні - өз ұрпағы.

Бала тәрбиесін негізге ала отырып, мамандар жанұяны 5 топқа бөлінті
1. Жанұядағы адамгершілігі жоғары деңгейде қалыптасқан отбасы
2 - топ Ата - аналардың қарым - қатынасы жақсы бола тұра, бала

тәрбиесіне немқұрайлы карайды. Мұндай отбасына ұстаздардың кеңестерін кажет етеді

3 - топ Ынтымақсыз жанұя мұндай жағдайда ата - аналар өзара карым - қатынас дауынан аса алмайды. Бала тәрбиесі мүлде ескерусіз қалады.

4 - топ Сырттай қарағанда қолайлы отбасы қатарында болғанмен, нақты адамгершілік құндылықтары төмен, бала тәрбиесіне мүлде көңіл бөлмейді. Ата - ананың пікірі киімі бүтін, тамағы тоқ болса болды. Мұндай отбасымен тәрбиелік жұмыстар жүргізудің өзі қиындық туғызады

5 - топ Қолайсыз отбасы, мұнда дөрекілік, ұрыс - керіс жағымсыз тәртіп сияқты сипаттар көп. Бала немен айналысып жүр, білімі қандай, ата - ана болып жиналыстарға, іс - шараларға қатыспайтын жанұя. Мұндай отбасымен психолог және қоғамдық орындар тікелей жұмыс жасағандары жөн.
Жанұяның негізгі міндеттері.

Бала денсаулығына қамқорлық жасау Баланың үздіксіз дамуын қадағалау тәрбиесі мен мамандық таңдауға көмектесу. Баланы өзін - өзі тәрбиелеуге,
өзін - өзі дамытуға баулу. Баланың қызығушылығын, бейімділігін шығармашылығын дамыту. Баланың жанжақты дамуына жағдай жасау. Бала тәрбиесі - ата - ана үшін күрделі де жауапты міндет. Ата - аналардың үйдегі іс - әрекеті балалардың көз алдында өтеді. Сондықтан да жақсы да, жаман да ісіміздің бала тәрбиесіне ықпалы зор. Жаңылмайтын жақ, сүрінбейтін тұяқ жоқ демекші ата - аналардың да қателікке бой алдыратын кездері де болады. Осыған орай психолог мамандарымыз ата - аналарға мынандай 6 түрлі қателіктерді болдырмауға кеңес береді.

1. Сен баланы мүлдем қалаған жоқпын, ұнатпаймын сүймеймін деп айтқан, тәрбиенің қатаң құралдарының бірі, бұл сөзді еш уақытта айтпаңыз. Оның орнына жылы сөзбен айналып, сен менің қолқанатымсың, сендей бала ешкімде жоқ, бірақ сенің мына ісіңді құптамаймын деп айтып баланың дұрыс емес іс - әрекетіне тосқауыл қою керек

2. Бәріне көз жұма қарау."не істесең де маған бәрібір" дейтін әке - шеше, балаңыздың немен шұғылданып жүргеніне қызықпайтыныңызды білдіріп қоясыз. Балаңыздың іс-әрекеті көңіліңізге қонымсыз болса да, оны бейбіт жолмен шешуге тырысыңыз. Балам сен мұндай істе менен көмек сұра. Екеуміз ақылдасып тамаша іс тындырамыз деген сияқты көмек қолын соза отырып тәрбиелеуге болады.

3. Аса қаталдық."мен не айтсам соны орындауың керек, өйткені үйде мен басшымын" деушілер қатты қателеседі.
Мұндайда бала қолды бір сілтеп кетіп қалады. Тым қаталдық аңды қолға үйреткенмен бірдей. Оның орнына тайға басқандай көрсетіп, түсіндіріп, иландырып жұмсау."сен қазір мынаны істе кешке отбасымызбен бірге байсалды түрде талқылаймыз жарай ма?" - деп айтқаны абзал.

4. Балаларды тым еркелету "менің баламның күші жетпегендіктен мұны өзім істей салайын "деп баласына кезіккен кедергіге өзі тойтарыс беріп бәйек болатын ата – ана. Бұларға ой салар пікір; шолжаң, ерке балаларға өмір соқпағы оңайға түспесі анық. оның орнына сен күштісің мына істі өзің істеп көр, егер ойдағыдай болмаса мен саған көмектесем деп айткан балаға демеу болары анық.

5. Бала тәрбиелеу үшін уақыттың тым аздығы."өкінішке қарай саған көңіл бөлуге

Менің уақытым жок",- деп жанұя мен бала тәрбиесін ысырып койып белсенді еңбек етушілер қателескенін кеш ұғып жатады. Ата - анасынан уақыт жок деген сөзді жиі естіген бала ата - ана махаббатын басқа жақтан іздейді, тіпті сіздің жұмыс кестеңіз белгіленіп қойса да, кешкісін жарты - 1 сағатыңызды балаға бөліңіз. Оның төсегінің жанында отырып ертегі оқып немесе күні бойғы қандай қызықтар болғанын сұрау арқылы махаббатыңызды бөліңіз.

6."Көп ақша – жақсы тәрбие "махаббаттың қай түрін болмасын ақшаға сатып ала алмайсыз. Құлаққа біртүрлі естілгенмен оң пікір кейбір аз қамтылған жанұя "Бала ештеңеден тарықпасын" деп жан ұшырып жүреді.

Дегенмен балаңыздың арманын орындай алмағаныңыз үшін өзіңізді кінәлі сезінбеңіз. Шындығында сіздің қалың әмияныңыздан көрі шынайы сезіміңізбен махаббатыңыз керек, онымен бірге ойнап, күлгеніңіз, бірге өткізген. Қорытындылай келе осындай қарапайым қателіктен қаша отырып тәжірибелі мамандардың айтқанына ден қойсақ, әрбір жанұя жайдарылықта тыныштық пен махаббат мекеніне айналары сөзсіз. Жас кезінде дұрыс тәрбие алмаса, есейе келе тәртібі қиындап, оқу үлгерімі нашарлап кетеді. Мұндай жағдайда" Не істеу керек?"деген ой туындайды.

Әрине, ата – ана баласының оқу үлгеріміне күнделікті назар аударып, оның тәртібін қадағалап отыру қажет. Тәрбие ешқандай үзілісті, демалыс күндерді білмейді. Ата - ана бала тәрбиесіндегі басты тұлға болғандықтан баланың жан дүниесіне үңіліп, мінез - құлқындағы ерекшеліктерді жете бақылап отыру қажет. Балалармен сөйлескенде олардың пікірімен де санасып отырған орынды.

Ұлы ғалым философ Әбунасыр әл - Фараби "Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек. Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, келешекте оның өміріне қауіп әкеледі "десе. Жан - Жак Руссо "Бала туылғанда ақ қағаздай болып таза туылады, оның бетіне шимайды қалай салсаң солай шығады, Бала тәрбиесі сол сияқты, өзің қалай тәрбиелесе солай тәрбиеленеді." деген екен. Бұдан шығатын түйін: бала тәрбиесіне жауапты ең әуелі ата - анасы болмақ.

Сондықтан еліміздің болашағы жас бүлдіршіндерді заман талабына сай сапалы білім, саналы тәрбие алуына бірлесе атсалысайық, құрметті ата - ана!

Ата-аналар жиналысының хаттамасы №5
0 «Б» мектепалды даярлық сынып

**Күні: 4.03.2024ж.**
**Жалпы саны: 24**
**Қатысқаны: 18**
**Қатыспағаны:6**

**Күн тәртібінде**

1. «Ата-ана махаббаты» баяндама
2. Алдағы мерекелер 8 наурыз және 22 наурыз іс-шаралары туралы ата – аналармен ақылдасу.
3. Сұрақ – жауап

**Тыңдалды:**

1. Бірінші мәселе бойынша мектепалды даярлық тәрбиешісі А. Р. Амирбаева презентация арқылы баяндама оқыды. Ата – аналарға «Ата-ана махаббаты » атты баяндама оқып, слайд көрсетті. Баяндамада отбасындағы мәселелер мен мектепалды даярлық арасындағы қарым - қатынастар қаралды. Ата – аналар өз ойларымен бөлісіп, бала тәрбиесіне қатысты сұрақтар қойылды. Сонымен қатар өз тәжірбиелерімен бөлісті.

**Сөйледі:**

0 «Б» мектепалды даярлық сынып тәрбиешісі: А. Р. Амирбаева

**Ата-анаға мынадай кеңесті ұсынамын:**

Баланың әр күнді бастауы,қарсы алуы сәтті болу керек; ол үшін таңертен баланы оятқанда жайлы,баппен оятыңыз;ол сіздің күлімдеп,мейіріммен өте жақсы көріп тұрғаныңызды сезуі керек.

-Балаға балабақшаға барар алдында сенімділік сәттілік тілеу керек.

-Бала балабақшадан келгенде бірден сұрақтар қойып,қарсы алмау керек.

-Бала бірдене айтқысы келсе, қарсы болмай тыңдау керек.

-Бала ренжіп отырса , себебін өзі айтқанша асықпаңыз.

-Балаңызға қатты дауыспен сөйлемеңіз, баланың жүйкесіне әсер етеді.

2. Екінші мәселе бойынша, Алдағы мерекелік іс – шараларды атап өту туралы. Балаларға қуаныш мерекелік көңіл күй сыйлай отырып, ұлттық салт –дәстүрлермен таныстыру. Ата –аналарға 8 наурыз мерекесіне « Аяулы ана, асыл әже» атты байқау өтеді. Соған ата – аналар жауапкершілікпен қарап, балалардың дайындығына көмектесуі туралы айтылды. Содан кейін Ұлыстың ұлы күнін атап өту туралы ескертілді. Ата-аналар өз - ара келісіп балаларға қазақ салт - дәстүрлерінің бірін көрсетсе деген ой айтылды. Ата – аналар қолдап, бір ауыздан келісіп «Тұсау кесер» дәстүрін көрсететін болып келісті.

**Шешімі:**

1. Бала тәрбиесіне үлкен жауапкершілікпен қарау.
2. Балаға уақыт бөліп, сабағын қадағалау.
3. Ата-ана тәрбиешімен тығыз байланыста болу.
4. Баланы мектепке алып келіп, алып кету.

Төрағайым: Р. Амирбаева

Хатшы: Нығыметжанова Г.М.

«Ы. Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін №25 мектебі» КММ

0 «Б» мектепалды даярлық сынып

Баяндама:

# «Ата – ана махаббаты»

Дайындаған:А. Р. Амирбаева

Балқаш қаласы 2024 жыл

## «Ата-ана махаббаты»

## Балаңыз оны көріп, естіп, сезіну үшін не істеу керек?

Мектепалды даярлық өміріндегі ең маңызды, жауапкершілікті талап ететін жұмыстардың бірі-ата-аналар жиналысын өткізу.

*Мақсаты:* Ата-ана мен баланың арасындағы қарым-қатынастың ерекшеліктерін психологиялық жаттығулар арқылы көрсету.

*Көрнекіліктері:* Тақырып, қағаздар, шам, теледидар, сиқырлы таяқша, альбом, газет, шар.

*Тренинг бағдарламасы:*

***1.Баяндама. «Ата-ана махаббаты».***

***2 «Біз біргеміз!» жаттығулар.***

***3 «Өтінемін!» ойыны.***

***4 «Сиқырлы таяқша» жаттығу***

***5 «Тілек шамы».***

***6 Ой- толғаныс.***

***Баяндама. «Ата-ана махаббаты».***

Адамдар арасындағы қарым-қатынаста адамгершілік, әдеп-инабат үрдістерінің қаншалық кең жайылып, терең тамырлануы, ең алдымен, олардың жекелеген отбасында өркен жаюына, яғни баланың ата-анасын жан-жүрек қалауымен, саналы түрде ардақтап, құрметтеуіне, инабат тағылымын үлкендерден үйрене отырып, олардың өздеріне деген қарым-қатынастарында мүлтіксіз жүзеге асырып отыруларына байланысты.

Адам өмірінің мәне мен сұлулығы, адамның келешегіне сенімділігі - баланың ата-анасын ардақ тұтып, өзінің перзенттік қарызын бір сәтке де есінен шығармауында. Бұл – жас ұрпақтың мәдениеттілігін, әдептілігінің ғана емес, ең алдымен, адамшылығының белгісі.

Бала – ата- ана өмірінің жалғасы. «Баламның табанына кірген шөңге менің маңдайыма кірсін,» деп әлпештеп өсірген перзенті ауырып не басқа бір қатер төнгенде мойындарына бұршағын салып, «Өзімді алып, баламды аман қалдыр!» деп құдайға жалбарынған.

Бала тәрбиесі – қызығы мен қиыншылығы қатар жүретін күрделі процесс.

Ата-аналардың жастығы мен бала тәрбиесіндегі тәжірибенің жоқтығы, болмаса тәрбие жұмыстарында тек қана өз ойлары мен көзқарастарына ғана жүгінуі немесе қажетті педагогикалық білімдерінің жетіспеушілігі салдарынан тәрбие процестері көптеген қателіктерге ұшырап отырады.

Сондықтан да мектеп өміріндегі ата-аналардың педагогикалық білімін жетілдіру, мәдениетін арттыру, бала тәрбиесіне белсене араластыру, соның нәтижесінде ата-ананы баланың алғашқы ұстазына айналдыру мақсатында ұйымдастырылатын семинар тренингтердің маңызы орасан зор.

*« Біз біргеміз!» жаттығулар*

Мақсаты: Отбасындағы қарым –қатынасты нығайтуға өзара түсінушілікте ата-аналар мен балаларға қолдау көмек көрсету.

- *«Қолынан танып біл!»*

Көздері байлаулы әкелері балаларын тауып алулары керек.

Талдау:

1.Сізге балаңызды табуға не көмектесті?

2.Балаңыздың қолынан ұстағанда не сезіндіңіз?

- *«Біз бақытты жанұямыз!»*

Алдын-ала салынған суреттер арқылы өз балаларыңыздың салған суреттерін тауып алыңыздар.

Талдау:

1. Өз отбасыңыздың суретін қалай таптыңыз?

2. Өз отбасыңызды табу қиын болды ма?

3.Суреттерден отбасыңыздың суретін тапқаннан кейін қандай сезімде болдыңыз?

- *«Аралда»*

Қажетті құралдыр: газет

Қатты теңіз толқынынан кейін кеме суға кетіп, кеменің ішіндегі жолаушылар аралдарға бөлініп топталды. Енді осы аралдарда әрбір отбасы өмір сүріп жатыр. Аралдарды бірте-бірте су басуда, енді әр отбасы осы арлдан өздерін аман алып шығулары керек.

- *«Үшеуіміздің суретіміз!»*

Суретті бір-бірімен ақылдаспай асалады. Баласы суретті бастайды, әкесі жалғастырады және екінші суретті бастап кетеді, анасы ол суретті жалғастырады және келесі суретті бастап кетеді, баласы суретті аяқтау керек.

Талдау:

1. Сіздің бастаған суретіңіз ойыңыздан шықты ма?

2. Алға қойған мақсатқа жету үшін кедергі болды ма?

3.Бір-біріңізді қалай түсіндіңіз?

4.Өзіңіз суретке қанағаттанасыз ба? Жоқ болса неге?

Әр отбасының салған суреттерін талқылауға уақыт беріледі.

***IV. «Өтінемін» ойыны.***

**Мақсаты:** Ата-ана мен балалар арасындағы қарым-қатынасты жақсарту, бір-біріне көңіл бөлу, бір-бірін тыңдай білуге үйрету.

Қатысушылар ортаға жартылау шеңбер жасап тұрады.
-Құрметті ата-аналар, балалар! Сіздер қандай «сиқырлы» күші бар сөздерді білесіздер?
-Рахмет, өтінемін, т,б
-Мен әр түрлі өтініштер жасаймын, егер мен «өтінемін» деген сөзді айтсам сіздер оны орындауларыңыз қажет. «Өтінемін» деген сөзді айтпасам, сіздер ол өтінішті орындамайсыздар.
-секіріңдер
-оң аяқтарын көтеріңдер
-өтінемін, алақанмен қол шапалақтаңдар
-өтінемін, бір-біріңді құшақтаңдар.
- оң қолдарыңмен сол құлақтарыңды уқалаңдар

### *V. «Сиқырлы таяқша» жаттығу.*

Сиқырлы таяқшаны бір-біріңе ұсына отырып, адам бойындағы жағымды және жағымсыз қасиеттерді айтып шығайық

| Жағымды | Жағымсыз |
|---|---|
| Мейірімділік | өтірік айту |
| Жан ашу | өшпенділік |
| Сыпайылық | Кек сақтау |
| Даналық | Тіл алмау |

- Әр жағымсыз қасиеттің өзінің жақсы жағы болады. Мысалы: сараң адам ол – үнемшіл. Төбелесу – біреуге қол ұшын беру. Енді осы жағымсыз қасиеттердің де өзіндік жақсы жақтары болады, соны айтайық.

### *VI. «Тілек шамы».*

**Мақсаты:** тренинг туралы пікірлерін ортаға салу.
-Құрметті ата-аналар, балалар. Біз сіздермен жанұядағы ата-ана мен балалар арасындағы қарым-қатынастың түрлі жақтарын тануға, жан-жақты талқылауға тырыстық. Отбасы, ұшқан ұя – жылылықтың, жылулықтың мекені. «Отбасы» атауының мәніне терең үңілер болсақ, оттың да үлкен маңызы бар екенін сеземіз. Сондықтан оттың басы, ошағымыздың түтіні түзу болуы үшін «Тілек шамы» жаттығуын бір-бірімізге тілек айта отырып жүргізейік. Бір-бірімізге мына шамды бере отырып бүгінгі кездесуден алған әсерлеріңізбен бөлісіп, тренинг барысында айта алмай қалған ойларыңыз болса барлығыңыз да осы жерде айтуларыңызды сұраймын.

***VII. Ой-толғаныс.***

-Тренингтіңбасталуында сіздерге бағдарлама берілді. Сол бағдарламаның артында күн, гүл, жапырақ бейнесіндегі жапсырмалар бар.




-Осы белгілер бойынша ата-анаға, оқушыға, мұғалімге өз ұсыныстарыңызды немесе ой-пікірлеріңізді жазуыңызға болады. (Жазған пікірлерін оқи отырып, көктем бейнесін шығару.)































